



Дарба шылда

Жұрт қамын ойлаған азамат

Қалды артта жетпіс асу, қия шындар,
Сырбазсын, сынғырлаған мінезіңіз бар.
Шұғыла, шуақ төгіп айналана,
Жас жігіттей әлі де қуатың бар.

Жария етіп атыңды алты Алашқа,
Келесің үлгі болып баршамызға.
Аузын ашса жүрегі көрінетін,
Базары жайсандардың тарқамас ешқашанда.

Толқын болып аңқылдайсың ақтарылып,
Жатыр гой ақ пейілге жат табынып.
Ақ туын адалдықтың желбіретіп,
Жүресің биік-биік шыңға шығып.

Танытып еңбегіңмен сан қырынды,
Жақсыға шашу еттің жан нұрынды.
Бөленіп құрметіне қалың жұрттың,
Арнадың еліне сан тағдырынды.

Қалыбын адалдықтың бір бұзбай,
Ұяңыздан түлеп ұшты ұл-қыздар.
Өзіңізден өркен жайып, өнеге алған,
Тілейді бақыт жүлдышдар.

Асың – асқа, басың – аман жүргейсіз жан бауырым.
Жетпісіңмен жолдасындај жымдастып,
Сексеннің де басыңа ора сәлдесін.
Жан-жарыңмен, немеремен жарқылдал,
Жұзге дейін соға берсін жүрегің.

Игі тілекпен,
ағаң Башар Шәймерденов.

Aғаға ақ тілек

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқиыл. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік қасиет, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқақ кісілікке, қанша ғұмыр кешкенімен жеткен де бар, жетпеген де бар.

Сіздің де мағыналы өміріңіз, шуақты шанырағының, алтын дінгегі – өмірлік қосағының Майра тәтемен, оның жалғасы, ертеңгі мәуелі жемісі – бауыр етіңіз балаларының бен алтын асықтай немерелеріңіз.

Бүтін 70 жасқа толған мерейлі мүшел тойыңызда өзіңізге денсаулық, ұзақ ғұмыр, әuletіңізге баянды бақыт тілейміз!

Игі тілекпен, Энуар-Гұлназ.

Асқар тауым – Агатайым

Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сенгірінен асыңыз.
Куат алып денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!

Балалардың арасында жүріңіз,
Шаттық нардан анық басып жүзіңіз!
Тілек еттік шын жүректен бәріміз,
Мықты болып, ұзак өмір сүріңіз!

Бір Жаратқан жар болып, қорғай жүрсін,
Ата-баба аруағы қолдай жүрсін.
Майра тәтеммен бірге 100 жасасып,
Бір-біріне сәлемін жолдай берсін!

Игі тілекпен, Борис-Тоты,
Амангелді-Алмагұл, Мамыр-Айгүл,
Оралбек-Зәмзәгүл, Абат-Тогжан, Айжан.

Ізгілік нұрын сепкен жсан

Алланың атымен бастайын.
Бауырым Жабал, туган күнің құтты болсын. Ғұмырың ұзак, дениң сау болсын!
Жұмжұманың бес Қалидың ұрпағысың. 70 жасында айтылар, өзіне жолданар, бақытына бағышталар тілектес, ниеттес жанашыр ағайынның тілектері

қабыл болсын. Жадымызда жатталып қалған көне суретін тірілтіп, сөз сабактар болсак, жарықтық менің атам сені иіскеп бесікке салып, тербететін. Құран оқып үйиқтататын, маған құлатып аласың деп тербеттірмейді.

Аллаға рахмет. Сен әскерге барып келдің, біз қуанып қарсы алдық. Содан бастап Көкшетауга барамын, сонда қызметке тұрам дедің, әкем аздап уайымдал қала берді. Өзінді өзің жеткіздің, рахмет Аллаға!

Бауырым Қайрия екеуіміз отырып жазуга бізге жазбады ғой, иманды болсын. Елге, ағайын туыстарға көмегің болып тұр ғой бауырым.

Мешіт салдырдың, Алла разы болсын! Атамның аруағы сені күнде жебеп жатыр ғой. Майраға қосылып бақытты болындар деген, қабыл болды. Майраны мақтауға болады, Шоқан, Расул, Назгұл туды.

Майраға құда тұсуге бардық. Той бәрі жақсы етті. Майраның есігі әрқашан ашық, дастарханы мол. Майраны мақтауға болады. Мұқат, Нұрғали үйленіп кеткен. Набигали, Қинаятғали үйленген жоқ. Қазір елге баратын болсам бірінші мешітке барғым келеді. Бауырым Жабал бүкіл зиратты түзетіп, жақсы енбегін сіңіріпті, сауаптан болсын! Мені, Айтжамалды Майра шақырып туыстардың басында болып қайттық. Айтжамал екеуіміз атамның арқасында, Айтжамал қойынында жататын. Бауырым Аяжанды ойлай жылап қалжырап қалды.

Сенатор болдың, құтты болсын. Дос көп, дүшпанаң жоқ болсын деп тілеумен болдым, бауырым. Аман-есен жақсы етті ғой – 5 жыл.

Бір куні Қайрия бауырым Жабалдан ақша келді сізге деп Төлеген екеуі келіп тұр. Алған алғашқы ақшасынан маган 50000 жіберіпті бауырым, аздаш шүкір деп жылап алдым. Рахмет бауырым.

Сенің 70 жасынды көрген маган Аллаға рахмет. Жасына жас қосыла берсін, балапандарыңың қызық-куанышын көрүте жазсын. Немере деген ыстық екен. Солардың қызығына тоймай, Майра екеуің бақытты болындар!

Менің 15-ке дейін атам Жұмжұма бірге болды. Сараны жылатпандар деп айта береді екен, ол тура-лы Ахмет атам жаны елжіреп айтып отыратын.

Балаларым бәрі нағашы деп жақсы сыйлайды. Телевизорда көрсе маган қонырау шалып, нағашымыз сөйлеп жатыр деп, хабарлайтын.

Апаң Сара.

Қазақтың үш жұрты болады. Соның ішінде ең жанашыр, ең жақын жұрты – нағашы жұрты.

Нағашы!

Бүтінгі тойыңыз ырыстың бұлағы болсын. Отбасыңыз үбірлі, шаруаңыз дүбірлі болсын. Алдыңызда ақ мол болып, басыңызға бақ қонсын! Әрқашан Алланың нұры жауып, ортамызда аман-есен журіңіз!

Алла тағала адамға үш рет жастық шақ сыйлайды екен. Біріншіден, екіншісінен өттіңіз. Енді үшіншісі қалды – 100 жасқа толғанда, сол үшінші жастық шаққа да аман есен жеткізіп, өмірінізді ұзарта берсін.

Бала-шагаңызың, немерелерініздің ортасында темірқазықтай қалпыңыздан таймай, өмірдің қызығына кенеліп Майра тәтемізben бірге жүре беріңіз.

Той тойға ұлассын!

Біз сізді жақсы көреміз, құрметтейміз.

Галия Хамитқызы.

Нар жугін көтерген нағашы

Өмір деген өз ағысымен өте береді. Әр пендеге өмірге келгесін сол ағысқа ілесіп, сайдан сайға құйып, бірде толқындарып, бірде сылдырап ағын су секілді өтетіні бар. Өмір ағысында адам сан түрлі күй кешеді. Сан түрлі оқиғаға тап болады. Сан түрлі есікті ашады. Сан түрлі өмірлік ғибрат жинаиды екен. Біздің айтпағымыз, сол өмір ағысында тау сүндай гүрілдеп, шөліркегеннің шөлін басатын, буырқанған толқындей алға ұмтыла алатын рухы мықты асыл жандар болады. Сол асыл жанның бірі – біздің Жабал нағашымыз. Жетпісті еңсеріп, ел ағасына айналған шақта, шабыттанып, нағашымыздың барлық өмірде көрсеткен жақсылығы мен қолдауын ақ қағаз бетінде ойыммен өрнектегіміз келеді.

Адамның ең жақын жұрты нағашы ғой. Аナン үшін, анамның ақ абыройы үшін, анамның пәк көңілі үшін жиендеріне өз баласындаі қамқорлық көрсете білген нағашымызды маңтан тұтып, бүкіл елге жар салғымыз келеді. Қамқорлық тек материалдық тұрғыда, тамағымыздың тоқ болуы, көйлегіміздің көк болуы емес. Нагашымың қамқорлығы ішкі рухымыздың бай болуына, адамдармен қарым-қатынасымыз дұрыс қалыптасуына, досқа адаптацияға, қоғамға адаптацияға бағытталатын. Жиендердің ішкі көңіл-күйін біздің сөзімізден, ісімізден, жүріс-тұрысымыздан байқайтын. Ақылын сырлы сөзімен, қоңыр дауысымен, адаптацияға бағытталатын. Жиендерінің өмірде аты озғанын қалап, қай жерде бәйтеге түссек те, үйде отырып тақымын қысатын жанаңыр, арқасуýер нағашымыз болып жүргімізден орын алған.

Атақ пен мансапты, байлық пен дәулетті екінші орынға қойып, ең бастысы өмірде үлкен парасат иесі болып қалуды үнемі қалайтын. Адамгершілік, қолдау, жол көрсету нағашымыздың өмірдегі басты қағидалары десек те болады.

Анамыз өмірден өтсе де, қасымызда арқасуýер нағашымыздың бар екені көңілімізге медет. Жығылсақ сүйейтін, сүрінсек арқамыздан қағып, тіреу бола алатын асыл нағашымыз туралы дастан жазсақ та көптік етпейді. Бойындағы ұлттық рухы арқасында талай мінбелерде халықтың көкейіне сүбелі сөздер

ұялатып, жастардың санасын ашып жүрген жайы бар. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты лауазымында абыройлы іс атқарып, ел алдында ары таза, абзал жандардың қатарында жүргені қуантады. Бүгінде облыстық «Арқа ажары» газеті арқылы елдің тыныс-тіршілігін, мұн-мұқтажын жеткізіп, қоғамда белсенділік танытып, өз ісінде қошаметке ие болып келеді.

Бойында адамгершілік пен ізгілік қасиеті тұнып тұрған нағашымыздың көрсеткен жолымен адаспай келе жатқанымызға шүкіршілік айтамыз.

Жиендерінің атынан нағашымызды мерейлі жетпіс жасымен құттықтаймыз. Мерейіңіз асқақтай берсін! Отбасыңызға барлық жақсылықты тілейміз. Сіз біз үшін асылдың сынығы, тектінің тектісіңіз!

Зарлық-Гүлмира, Темірбек-Гаұар.

Учусь у Вас. Горжуясь Вами...

Не перестаю восхищаться мудростью казахского народа. Сколько добрых и точных слов сказано в адрес нағашы. Только у казахов такое трепетное отношение нағашы к своим жиен. Больше, чем сказано в народе о нағашы, я могу рассказать о Вас, мой нағашы Жабал.

Прежде всего, Вы особое место занимали в сердце нашей мамы. У вас была особая, я бы сказала,

тепепатическая связь между собой. Вы чувствовали настроение, самочувствие друг друга на расстоянии. О такой братской любви можно только прочитать в книгах. И этому есть свои причины... Конечно, эта любовь перешла и на нас. На протяжении всей своей жизни, с самого детства и до сих пор я чувствую Вашу поддержку, заботу. Заботу такую, какую не каждый дядя совершают по отношению к своим племянникам. Несмотря на свою занятость на работе, Вы терпеливо водили меня ребенком к стоматологу, к другим врачам. Когда мы приезжали к вам на каникулы, Вы заботились о нашем духовном развитии: водили по музеям, театрам, покупали книги. Мой самый первый портфель, я помню, купили мне тоже Вы. В студенческие годы вы не позволяли нам жить в общежитии, мы дружно жили в вашей двушке. Места хватало всем: и студентам-племянникам, и родственникам, приехавшим с аула по разным делам.

На протяжении всей жизни Вы являетесь для меня нравственным маяком, на который я всегда держу курс. Но взрослея, я понимаю, что это огромная работа над собой, которая требует ежедневного титанического труда. Огромное трудолюбие, широта души, особенное чувство патриотизма, боль за свой народ, за нравственное воспитание подрастающего поколения даны не каждому человеку. И это все я нахожу у Вас. Я учусь у Вас. Я горжусь Вами.

Вы всегда казались нам сильным, стойким, и только однажды я увидела Ваши слезы: Вы плакали, как ребенок, у свежей могилы нашей мамы. И в тот момент я увидела в Вас того самого мальчишку, о котором вы писали в своих произведениях, того мальчика, который очень рано остался без матери. Слезы отчаяния и невосполнимой утраты жгли ваше лицо. Но в этот момент с вами не было сестры, которая держала бы вас за руку...

На протяжении всей жизни Вы с нашей мамой прожили «рука об руку». Безмерную любовь к брату, к его семье мама пронесла через всю свою жизнь. Мама называла Вас «бауырым», придавая этому слову особенную значимость... Сегодня, в Ваш юбилей, мама тоже трепетно и трогательно поздравила бы Вас, в первую очередь, прося у Всеышнего Вашего благополучия. От себя хочу добавить: дядя Жабал, мы Вас очень любим, ценим, уважаем. В Вашем лице я всегда нахожу отражение своей любимой мамочки. Желаю, пусть у Вас всегда хватает здоровья, чтобы творить, сил, чтобы добиваться, стремления, чтобы мечтать, терпения, чтобы удержать все то, чего уже достигли. Желаю, чтобы всегда оставались таким же добрым, открытым и мужественным человеком, ярким примером достоинства, мудрости и ума. Желаю Вам долгой счастливой жизни. С днем рождения, Нагашы!

Сержан-Бибигуль.

Ауылымыздың жанашыры

Қасиетті Қарағаш ауылы жақсы мен жайсанның түлеп ұшып алаш аспанында жарқырай жайнап шоқ жүлдіздай сәулесін төккен жүлдіздарын өмірге әкелген ақ бесік. Сөз әлібін әріден сабактасақ бұл төніректе өздерінің озық ойымен, ақыл-парасатымен есімдері ел есінде жатталған ұлы тұлғалар аз болмаған. Соның бірі Жаңабатыр бабамыз. Тек деген тегін дүние емес. Тегінде қасиет бардың қап түбінде жатпайтындығы ақықат. Атақ-даңқы алысқа кеткен Жаңабатыр бабамыздың бір үрпағы Жабал інім.

Әскер міндеттін өтеп келген соң облыстық «Кекшетау правдасы» газетінде еңбек жолын бастады. Қаламы қатая келе ел сөзін айтатын тұлғалы азаматқа айналды. Облыстық мәслихаттың депутаты болып жүрген кезінде де өнірдегі қоғамдық өміріміздің түйткілді мәселелерін шешуге бел буып араласты. Кейін қалың ел сенім білдіріп Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болды. Айттар сөздің арнасы кене耶 түсті.

Елге де шарапаты аз тиген жоқ. 2014 жылы Қарағаштың құтты топырағына Алланың жердегі үйі мешітті салып беріп, қалың елді имандылық да үйіпті.

Бүтінгі мерейлі мерекеде жалпақ жүртттың жақсы азаматы, ауылымыздың жан аяmas жанашыры Жабал Ергалиұлына шығармашылық табыс, мықты денсаулық, отбасының амандығын тілейміз

Ізгі тілекпен, ағаң Айтмұханбет женген Бақыт .

Қазақтың қайсар қайраткері

*Нұрлы аймаққа сінді орасан еңбегің.
Кәкімбек Салыков.*

Жабал Ергалиұлы! Бұл есімнің менің, менің ауылдастарымның, халықтың жадында жатталғанына бірталай жылдар өтіпті. Осы уақытта қазақ әдебиетіне, журналистика саласына қашшама жазушылар қосылды, қосылып жатыр. Алайда сол қылқалам иелерінің арасында жүлдзызы жарқырап, дараланып, басқалардан бір бас жоғары тұратын жазушы, драматург Жабал ағамыз.

Жабал Ергалиев төменнен өсіп, биікке көтерілген. Еңбек жолын «Көкшетау правдасы» газетінде кіші қызметкер болудан бастап, тәжірибесі то-лығып, сол газеттің бір бөлімін басқарып, кейін редактордың орынбасары, сәлден соң бас редакторы болды. 2005 жылы Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінде бас редактор болып тағайындалды. Осы еңбек жолында қаламгерлік пен қайраткерлікті бірге ала жүрді. Жазушының шығармалары сахнада қо-йылып, прозалық шығармалары көпшілікке танылып жатты. 2011 жылы Жабал Ергалиев Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды.

Жабал Ергалиұлындағы қайраткерлік қызметте

жүріп, қыруар шығармалар жазған жазушылар көп емес. «Сөне көрме жұлдыздар», «Ұлттым менің, ұлысым менің», «Қазақтың Қарасай батыры», «Хан көтерген ел едік ер ұланын», «Бұлтты тұнгі толған Ай», «Жолсапар жалғаса береді», «Тәуелсіздік толғау» атты кітаптары жарық көрді. «Бұлтты тұнгі толған Ай» және «Тойғаңдар мен тозғандар» драмалық шығармалары Кекшетау қаласындағы Шахмет Құсайынов атындағы қазақ драма театрының сахнасында сәтті қойылып келеді.

Жазушының қай шығармасын оқысан, өмір шындығын көресін. Жазушы өмір жолындағы көрген-білгенін, ойларын бүкпесіз, шыншыл күйде баяндаған. Аз сөзben көп мағына, терен ой-толғаныстарын білдіреді. Туындыларының қай-қайсы болмасын оқырманның ыстық лебізіне, ықыласына бөлениген. Ауыл өмірі, қазақ келбеті, тарихи шындық, Отан, отбасы тақырыптары, ата-баба рухы шығармаларына арқау болды. Ең бастысы, жазушы ағамыздың бойында бар ұлттық рух, таусылмас күш-жігер кейіпкерлерінің бойынан табылып жатады. Жазушылық шеберлігі мықты, білімі терен, интеллекті күшті деп білемін. Жабал Ерғалиев бір сөзінде: «Қазақ халқының тарих төрінде мәңгілік жасауы үшін ең әуелі оның өз тілі мәңгілік жасауы керек. Ал біз болсақ, өз ана тілімізге өлмейтіндегі мәңгілік жан бере аламыз ба? Туган тіліміздің жасау, жасамау мәселесі саудага

түсіп отырған шакта қазақтың дейтін әрбір жан иесін осындай сауал толғандыrsa керек еді»! – деп туған тілімізге жанашырлық танытса, енді бір сөзінде: «Жарық дүниеге дені сау, жаны таза ұрпақ әкеліп, сол ұрпағын адап сүтімен асырап, қазақ елінің тағдырын өз қолында ұстай алатын ұл-қызы өсіруіне әлдеқайда мән беруге тиіспіз», – дейді ұлтының асыл ұрпағы. Осы екі үзіндінің өзінен туған халқына деген жанашырлық, болашағына алаңдайтын ізгі жүрек, терең магына, парасаттық көреміз. Болашақ ұрпаққа, өсіп келе жатқан жастарға берері мол ұлken тәрбие. Эр кезде, әр сэтте қаны қазақ, жаны қазақ ұрпақ тәрбиелеу мәселесіне аса мән береді. Әсіреле, қыз бала тәрбие-сі, қызды сыйлау, аялай біту, қыз баланың қоғамда қадір-қасиетінің артуы мәселесіне ден қойып, қазақ әйелі мәселесін шешуге үлес қосып жүр.

Мен ұстаз ретінде ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолында жүргендіктен, өз сабактарымда тәлімгер жазушының шығармаларынан үзінді, тәлім мен тәрбиеге толы сөздерін көп қолданамын, айтып жүремін. Және оны міндеттім деп санаймын. Қаламгердің: «...есін де, иесін де, киесін де жоғалтпаған ел екен-дігіміз рас болса, қыз баламызды жылатпайық, қыз баламызды қорламайық, қыз баламызды ешкімге де қорлатпайық!» – деген тағылымды сөздері қазақтың әр баласының санасына жетіп, өмірлік ұстанымда-рының біріне айналуға тиіс деп білемін.

Жабал ағаның өзінің туған еліне, ағайын-туғандарына, дос-жарандарына деген қамқорлығында шек жоқ. Кіндік қаны тамған Қарағаш ауылына жиі келіп, өзекті мәселелерін шешүте ат салысып тұрады. Қазактың төрінен ойып орын алған ағамыз асқан қарапайымдылықпен, үлкен жанашырылышпен ауылдастарына қарайласады. Ауылымызда мешіт салдырып, тұрғындар мен өскелен ұрпақтың имандылыққа, парасаттылыққа көбірек бет бұруына себепші болды. «Жақсылыққа сусап отырған» өмірде адам баласын бақытты етуге, ауылдастарына қолынан келген жақсылығын беруде аянбайды. Сонымен қатар, басқаларды да осындай ізгі еске шақырып: «Адамдарға бақыт сыйла, қуаныш әкел, жақсылық жаса! Өйткені сен – Адамсың!» – дейді қайраткер ағамыз. Ұлттық рухта тәрбие алып, бар болмысымен, жан-тәнімен халқын сүйген жазушы қазіргі кезде жігерсіздеу, пендешілікке көп бағынатын қазаққа рухты қайта толтырудың негізгі көзі ретінде ерлікке, ізгілікке, отаншылдыққа толы тарихымызға жол сілтейді. Ұлттымыздың әрбір саналы азаматы туған тарихын біліп, тілін құрметтеп, дінін берік ұстануы үшін еңбектеніп келеді. Осы дүниелер әр қазақ баласының қасиет тұтар дүниесіне айналуын мақсат етеді. Ед алдында туған міндеттерді өз міндеті деп санайды. «Адалдық – жан тазалығы» деп білген қайраткер баршаны адалдыққа үндейді,

тек адал сөйлеп, адал көңілмен еңбектену керектігін назарда ұстайды.

Осындай адами биік қасиеттердің иесі, тұма талант, қоғам қайраткері, ардақты ағамыз, абыройлы жерлесіміз Жабал Ерғалиұлы биыл қазан айында 70 жасқа толғалы отыр.

Осы мерейтойыңызben құттықтаймын! Мерейіңіз, абыройыңыз арта түссін, ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын, АРДАҚТЫ АҒА!

Гүлнар Ғабдуллина,
Қарағаш орта мектебінің директоры,
қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі.

Дара да дана бауырым

Міне, 1952 жыл 30 қазаннан бастап бүтінге дейін арада 70 жыл уақыт өтіп, сен 70-ке толып отырсың! Қайырлы құтты болсын! Бұл өмір аралығындағы жайды жазып өту ешкімге де мүмкін емес шыгар. «Қанаты бүтін сұңқар, тұяғы бүтін тұлпар жок», – демекші өмірдің өкпек жері, кәтепті қара нарға жүк болар ауырталығы жалғыз біздің басымыздан емес, кімнің басынан не өтпей жатыр. Кімде мүң жок? Бүгінгі күнде әке-шешемізді былай қойғанда, бар бауырымыз ол дүниелік болып, екеуіміз гана қалыптыз. Әрбір бауырымызды жоғалту бізге оңай соққан

жоқ. Тіршілікте алдыңнан шығып қарсы алсам, ертеңгі күні мені шығарып салсын деп тілеймін. Біздің тілек – сенің амандығың.

Иә, анамыздан ерте айырылдық. Әрине оңай болған жоқ. Жанымызға батқан жайлар да болған шығар. Дегенмен, қазіргі уақыттай емес, бейжай бір кезде өмір өткен сияқты. Бірінші құдайдың, екінші әкеміздің арқасында не болса да өсіп ер жеттік. Өз қара басым жас болсам да ерте есейгендей сендерді бақтым. Қайрия 13-те, мен 12-де едім. Әсіресе, сен бертінге дейін «б жасымда анадан жетім қалғанмын», – деп көп айтып жүрдің. Сонда менің жүрегім қатты езілуші еді. «Япырай өгейліктен бір қатыгездік көріп, сол көкейінен кетпей қойды ма екен», – деп.

Өз қара басым «өгей, жетім» деген аязды сөзді айтпайтынмын да, естіген де жоқ шығармын деп ойлаймын. Бұл күнде, құдайға шүкір, аналары ер жеткенше тәрбиелеген жандардан кем емес сияқтымыз-ау деймін. Сен бірде сөйлеген сөзінде: «Мына заманда өзінді-өзің мақта, әйтпесе сені ешкім мақтамас», – деген едің. Сол сияқты айтып жатқаным болар. Шынында, қыздар болсақ қандай шаруа болсын менгердік. Біздің істеген шаруамызды істей алмайтындардың қарасы көп-ақ. Сен болсан, өзінді-өзің тәрбиелеп, Алланың берген бағыты шығар, әкемнің айтқан бір қасиетті сезін ойыннан шыгармай, теріске кетпей, саналы да сабырлы болып, елдің елеулі,

одан да биік қадірлі азamatы болып ер жеттің. Тәубе, асыра айтқаным емес. Әкем айтқан еken саған. Сені атам сен тумай тұрып тілеген. Үш қыздан кейін үл бала болады деп түсінде көрген еken. Туған соң есімінді қасиетті егіз тау болған, сондай биік болсын деп – Жабал қойған. Сені маған да тербеткізбей, таяғымен тартып алып өзі тербетіп, ие болатын. Құранын, намазын оқып, сені де жамандықтан аулақ болсын деп оқыды-ау деймін.

Саған шылым тартып, арақ ішуге де болмайды депті, тегі әскерде жүргенде айтқан болу керек әкем. Ол жақта бүлініп кетпесін деген шығар-ау. Жок, ол жақта да өзінді жақсы жағынан көрсетіп, үйге жақсы лебізде әскери басшылардан хат келіп, сол жақтағы газеттерге жазған мақала-суреттерің келіп тұратын. «Екінші егіз таудың Қабал атын өзімнің төрт «қалиым» соғыста хабарсыз кетіп, қолда қалған ұлым Ерғалидың сонынан ерген Қайырғали сияқты Жабалдың сонынан ерсін деп Қайырғалидың тұнғыш ұлына Қабал деп қойдым», – деген еken атамыз Жұмжұма. Ағаның шешесі, біздің әжеміз, ағага ерік бермей, бәріне өзі билік жүргізген ғой Нұрила апамыз. Ага үйдегі балалардың кім аталып жатқанынан да бейхабар болса керек. Бірде баланың тузы туралы куәлік қажет болып, тиісті орыннан баланың атын Серік деп жаздырып алышты. Сонымен өзі Қабал, қағазда Серік атанған ініміз Жабалдан бір

жасқа жетпестей ғана кішілігі бар. Қазір Теміртауда үйлі-күйлі болып өмір сүріп жатыр.

Сонымен біздер де біреу құрлы өсіп-өнгендейміз, Алланың жазған тағдырымен. Біздің кішкентай кезімізде бізді бауырларына басып, шын жандары ашыған, жыласақ жылаған, құлсек құлген деген дейтін жандар – ол «Апам үйі». Олар Ахмет атам, Күлімжан апам, Иманбай аға, Ұмсын женге, Рәзия тәте, Зәкен жездеміз еді. Барлығы өмірден өткен. Ол дуниенің рахатына бөленисін! «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» деген де нақыл бар ғой. Мейлінше өте дұрыс айтылған. Ешкім аш болған жоқ кой, мал бар, әкеміз арба-арба бидай әкелетін еңбек ақысына. Сол кісілердің қамқорлықтары әлі көкейден кетпейді. Қазіргі күнге де йін сол кісілердің ұрпақтары ең жақын туыстарымыз сияқты. Жақын туыстар да бар ғой. Ешкім ешкімге міндетті емес. Еңбектеп тұра бастаған соң бәрі туыс, бәрі бауыр. Ешкімнің көңіліне келмесін! Шешеміз қайтқанға 63 жыл өтіпті. Сол 63 жылдағы іштегі бір шемен шығар, сыртқа бусап шығып жатқан. Өмірде не болмас. Жасымай ер жеттік. Қазіргі уақытта сен жалғыз біздің ғана жан ашыр бауырмызы емес, сені барлық ағайын-туыс, ел-жұрт, жора-жолдастарың із-деп отырады. Сен қатыспаған жиында да сенің болмағаның білініп тұрады. Сені жалғыз елге емес, Қазақстанға ардақты азамат десем де артық емес.

Сенің әрбір сөздерің, пікірлерің, бір жерде айтылған сөзің екінші жерде қайталаңбайтыны, айттар ойың, адамға берер бағаң – түйдек-түйдегімен айтылып жататыны тамаша. Әттең, осы бір сөздеріңнің бәрін жазып отырса ғой деп ойлаушы едім.

«Өз қолым өз аузыма жетті», – деп қарап отырып қалған жоқсың. Шамаң келгенше қолыңдан келер көмектен аянған жоқсың. Елге де пайдаң тимей қалған жоқ шығар. Оны да ел, ағайын, туыстар айта жатар. Осы уақытқа дейін дамыл таптай ол дүниелік болған ата-бабаларымыздың рухын көтерудесің. Ата-әжелеріміздің, әке-шешелеріміздің, қараусыз қалған туыстардың бейітін жаңалап қалап жатырсың, сауалтан болсын! Әкемнің соғыста кеткен бауырларына да есімдерін жазғызып ескерткіш тас орнатуың екінің бірінің ойына келе берер жайт емес жаным. Сол ата бабаларымыздың, барлық аруақтардың рухтары тілекші болып, сені пәле-жаладан аман сақтап жүрсін! Бойыңа күш-қайрат беріп, әрдайым тың жүр. Ел-елдегі, жер-жердегі барлық ұлкендердің, дуалы-зиялды адамдардың баталары қабыл болсын. Ауырма. Жанұян, бала-шагаң аман болып, Майра екеуің 100 жасандар! Немере-шөберенің қызығын көріндер. Менің пайымдауымша сен сияқты азамат өмірге мың жылда бір келер ме екен?! Жасай бер, менің жайсан да, дара да дана бауырым!

**Тілекtes апайың –
Айтжамал.**

Біз сізбен мақтанамыз!

70-ке толып жатқан мерейтой қайырлы құтты болсын!

Сіз біздер үшін аса қадірлі де, құрметті нағашысыз. Біз анамызға қандай тілек тілесек, сізге де сондай тілек тілейміз. Сіздер бір-біріңізге қандай қамқоршы екендеріңіз біздің бала күнімізден қулағымызға құйып, көкейімізге қонған. Атам қазакта көкірегінде сәулесі бар перзенттің нағашы жұрттың қадір тұтқан. Баланың нағашыға тартып туады дейтін сезінде де бір шындық бар. Біз өзіміздің нағашы жұрттымызды әрдайым мақтан тұтамыз. Оның ішінде киелі Көкшенің көркем перзенті, өзінің ақыл-обы, пайымды парасаты, адамгершілік ажарымен, кіслік келбетімен ерекшеленетін Сізбен мақтанамыз. Қас тұлпардың қара жердің танабын қуырган дүбірі алыстан естілетіні тәрізді, Ел сезін сөйлеген, халықтың көкейінде жүрген мұнын мұндаған, жоғын жоқтаған аталы сезініз қулағымызға шалынған сайын міне біздің нағашымыз деп көкірегімізде мақтаныш сезімі кернейді. Сіз шыққан биіктің ешқашан аласырмайтыны белгілі. Ел үшін туган ерлердің еңсесі қашанда асқақ, тұғырлы. Көркем Көкшетауды көгілдір тауларсыз көз алдына елестете алмайсыз. Сол таулардың ішінде Оқюкет-пес бейнесі көш жерден көзіңе түспейме. Елдің өзге ерлерін төмендету емес, Сіздің біздің көкейімізде

жүрген бейнеңізді анықтау үшін тіл ұшына оралған
тeneуіміз ғой. Біз үшін көз жеткенімен, қол жетпейтін
асқақ тұғырлы, ұшар басын ақша бұлттар ораган Оқ-
жетпес пішіндес нағашымызыз.

Ауырмай, қартаймай жасыңыз жүзге жетіп, биіктен
көріне беріңіз!

Ізгі тілекпен жиендеріңіз: Әсел, Максұт-Кен-
жегүл, Қуаныш-Ойрат, Жадыра, Қорлан-Еділ,
Шолпан, Дианара, Аягул-Алмаз, Әділ.

Жанымыздай жақсы көретін Жабал Ата!

70 жасыңыз құтты болсын! Мен тұғанда атам ең
бірінші сізге көрсетіпті «Сенің азаматтық жолыңды
берсін, аузына түкір», – деп кішкентай кезімде. Ескі-
ден келе жатқан халықтың ырымы. Халық айтса қалт
айтпайды ғой, бәлкім шындық та шығар. Біздің үйге
Сіз келгенде «Президент келді», – дейді екенмін. Теле-
визордан көргенде де «Президентті көрсетіп жатыр»,
– дейді екенмін. Бүтінгі күні елге тұтқа болар ұлтжан-
дылығыңыз, мемлекетшілдігіңіз сәби кезімде айтқан
сөзбенен тұспа-тұс келіп отыр. Мүмкін аузыма Алла
салған шығар. Жанымыздай жақсы көретін Жабал ата
мен Сізге баянды бақыт, мықты денсаулық тілеймін!

**Мен Өсербай атамның немересі
Ұлан Өсербаймының және Ағлан бар.**



Айтжамал аласының ұл-қыздары мен жиендері құшағында

Зайыбы Майра келіндері Гулжан, Нұрсұлу, қызы Назгулмен бірге






Сәби келді өмірге... Перзентхана алдындағы куаныш



Қария апасының ұриагы



Жиеннің жүзі сүйкімді, атасының құшагында Диана



Бурабай баурайындағы бас қосу



Атагының ыстық күшагы Жабал Ергалиұлы жиендері Даниал және Дианамен

Нагашыммен жүздескенде





**Атасының мейірімін төккен немерелері
Айана мен Ернұр**



**Майра Тортайқызы, қыздары Назгұл және
отағасы Жабал Ерғалиұлы**



Табиғат құшағында Жабал Ерғалиұлы
немересі Ернұр, жиені Даниалмен бірге



**Ата жұрт жүрер көкейде. Ұлы Расул,
немерелері Айана мен Ернұр атасы
Жабал Ерғалиұлымен бірге**



Жабал Ерғалиұлы апасы Айтжамалмен бірге



Киелі ата жұрт топырағы



Тұган-тұстар ортасында



Ұлы Расул мен інілері ортага альш...

Өнердің де өз адамы

Достар, достар жұрсің қайда,
Бірге еді ғой жанымыз.
Еске алысып, осындейда,
Кел шырқайық бәріміз.

Сыныптастың туралы айтуды жөн көрдім. Сөз өнері арқылы сезім мен қуаныш-қайғыны, шаттық пен жақсылықты арқау еткен жаны жайсан жанын бірі Қарағаш ауылының тумасы Жабал Ергалиұлы. Сөз өнері арқылы біреуді риза етуге, көнілін жайландыруға, қын-қыстау жағдайларда дем беруге, қол үшін созуга, жігерлендіруге жаралған адам. Сөздің оны мен терісіне, өні мен астарына айрықша мән беріп, сылдырап аққан бұлақтай сазды үнімен халық әндерін шырқап, айналасына қуаныш сыйлаган Жабал ерекше щешен адам. Жас кезінде «достарым, мені түсінбейсіндер» дейтін, біз ол кезде сөзге мән бермейміз ғой. Кейін мен Қарағаш ауылына келін болып түстім. Ол кезде Жабал әскерде болатын. Жолдасым Сырымбет Досмұқанұлы Жабалмен аталас екен, ягни, Жабалдың женгесі болып шыға келдім. Әскерден келгенде оның қуанғаны-ай.

Жабал өзінің тірлігімен, тамыры тереңде жатқан ойлы, мағыналы талғамымен, сөз шендігімен сенатор болды. Жабал туралы көп жаза беруге болады, қаншама елден алған мактаулары, төс белгілері

бар, тек Алла тіл көзден сақтап, аман жүрсін, сыйыптастым! Сөз сонында айтарым Көкше елінің құрметті азаматы, биыл қазан айының 31 жүлдызында 70 жасқа толады. Майра екеуің бір жастықта әдемі кәрілікпен ұзак жасаңыздар, Алланың берген күш-куатымен зор денсаулық тілеймін!

**Сыныптастың: зейнеткер-ұстаз
Айман Рақымжанқызы.**

Тектінің тұяғы

Жабал ага жайлы көп айтуға болады. Жабал ага саналы ғұмырын халыққа арнап келе жатқан күрескер, қайраткер тұлға! Сөзбен ісі қатар жүрген, сөз құдіретін қастерлей білген, қасиетті Ақ бесік Қарғаштан түлеп үшқан, қырандай қанатын кенге жайған, бәйгенің алдын бермейтін жүйріктей көсле шапқан дарабоз асыл азамат!

Кездесе қалғанда әрбір сөзін санамызға сініріп, ел, жер, қоғам жайында айтқан ордалы ойларын тындауға құмартып, тағы айта түссе еken деп отыратынымыз бар. Әрбір сөзін жоғары талғаммен сөйлер ағамыз ауыл тарихы жайлы толғағанда тындай бергім келеді, тындай бергім. Елдің шежіресі іспетті. Есте жоқ ескі кезеннен сыр сабактағанда кейінгі жастарға үлгі болатын өнегелі сездің өрімін жаңғыртып әдемі мысал қылышпайт айтады. Сол асыл сөздерден арыдағы аталары-

мыздың тұған жер, келер ұрпақтың қамы үшін атқарған қыруар шаруасын біліп, шын көңілден риза болып қаламыз. Бүгінгі жастарды аруақты аталарымыздың өміршең өнегесінен гибрат алыш, тал шыбықтай таралып өссе екен, ел мен жерге шарапаты тиіп, перзенттік борыштарын адаптация көркейер едік. Шын мәнінде тек деген ұғымның тегін айтылмайтындығы белгілі. Жабал ағам жан сүйсінтер жарасымды сезінде «Сенің есті бабаң Есім, өз атаң Шашты, әкең Сырымбет тектінің үрпағысың айналайын! Биік жүр» дейтіні бар. Осы сезі маган аманат арқалатқандай. Арыдаға атам Шашты, әкем Сырымбетке ұқсағым келіп кетеді.

Елімізге мешіт салып, бес уақыт намазын қаза қылмайтын құдай жолындағы жандарға жағдай жасап, ауылдың басқа да шаруашылық жағдайына қарайласып жүрген ағамызға Алла разы болсын!

Жетпісіңіз құтты болсын! Жүзге жетініз!

Бейбіт Сырымбетұлы,
Абай ауылдық округінің әкімі.

Адал тери маңдайдан тамшылаған!

Сіздің Қазақстанның мәдени және рухани құндылықтарын сақтап қалудағы ағартушылық және шығармашылық еңбегіңіз саналы ғұмырыңыздың негізгі азаматтық ұстанымына айналған.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін дамыту мен сақтауда, әсіресе, халық игілігі жолында адамгершілік, отаншылдық идеяларын қалыптастырудагы қосқан үлесініз үлкен күрметке лайық.

Сізді адаптері мандайынан тамшыласа да, намыс оты жан тәнін қамшыласа да жасымаған, бағы жанса тасымаған, өмірі өнегелі, ұрпаққа үлгісі мол ақыл-гәй аксақал, алтын көпірдің шірімейтін шегесі, еңбекте де қажыр-кайратымен абырой биігінен көріне білген жан деп ерекше сыйлаймыз.

Бүгінгі ерекше күні Сіздің деніңізге саулық, игілікті ісіңізге толағай табыс, отбасыңызға амандақ, бақ-береке тілейміз.

Өмір – өзен жақсылығын жалғасын,
Тіршілікте тек сәттілік қолдасын.
Мақтанамыз, шаттанамыз қашанда,
Арамызда сіздей аға болғасын.

Көтеріліп қалатуғын көңіл-күй,
Мерейтойлар белесі ғой өмірдің.
Биігіне шығып Сіз де отырсыз,
Жетпіс деген сәтті ғұмыр-белестің.

Жалғасатын жақсылыққа бұл деген,
Адамның бұл арман шағы гүлдеген.
Өзіңізге ақ тілектер арнаймыз
Жүргегімізден актарылған жырменен.

Өмір жолы таусылмайтын мәңгілік,
Тұрсын алдан арайланып таң күліп.
Бақыт болсын әрқашанда жолығар,
Шаттығыңыз тау суындай молығар.

Күміс күлкі жүзінізден арылмасын,
Болсын дейміз әрдайым бағың басым.
Отбасына тілейміз біз амандық,
Жаратқан дәйім Сізді жарылқасын.

Игі тілекпен: Назаровтар әuletі.

Қадірлі қайным – Жабал!

70 жасқа толып жатқан мерейлі той қайырлы құтты болсын.

Денің сау болып, ауырмай-сырқамай бақытты шаттықта ұзақ өмір сүрге жазсын! Абырой атың тек биіктен көрінетін болсын. Біз соған тілектеспіз.

Немере-шөберенің қызығын көріп Майра екеуің 100 жасандар! Әрі бауырым, әрі қайным саған бар жақсылықты тілеймін!

**Ізгі тілекпен Шариповтар әuletінен
женғең Майшарап.**

Құрметті Жабал Ергалиұлы

Ел ағасы, халық қалаулысы, ақыл-парасаты мол, елімізге танымал азамат ретінде Өзінізді құрметтейміз, мақтаныш етеміз. А나мыздың бауыры ретінде бізге деген кіршіксіз таза көнілінізге, ақ адап жүрергіңіз бен шынайы мейірімінізге, ағалық тілекестігіңізге шын көңілден ризамыз.

Мерейлі 70 жасыңыз құтты болсын! Ел ақсақалы санатындағы саналы гүмірыңыз ұзак та баянды, мағыналы болуына тілектеспіз. Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, үрпағыңызың амандығын тілейміз.

Ізгіліктің нұрын шашар манайға,
Адамсыз гой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзінізден көп көрген,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!

Үлгі болған үлкенге де жасқа да,
Сыйлар Сізді тұган-туыс, басқа да.
Бақытты боп бүл өмірде мәнгілік,
Куатыңыз таусылмасын 100 жаста да!

**Игі тілекпен Егимбаевтар және
Бижановтар отбасы.**

Ағаның алды – ақ жайлай

Құрметті, менің арқа сүйер, жанашыр ағам Жабал Ерғалиұлы! Мерейтойыңыз құтты болсын! Жасай беріңіз!

Әкеміз Қайырғали Қаппасұлы 49 мүшел жасында дүниеден өтті. Жиырмадан жаңа асқан шағымда Қаппас әuletтің шаңырағына ие болып қалдым. Ес біліп, өмір атты тұлпардың тізгінің ұстаган күннен бастап, өз басым, өз отбасыма деген Жабал ағамның қолдауы мықты болды. Өлі күнге дейін көз алдынан таса қылмай жанынан іздең тұратын ағам Жабал! Аллаға мың да бір шүкір!

Өмір – қындығы мен қызығы қатар жүретін, машақаты мол бұлышыр тіршілік. 1983 жылы жұбайым Айгүлмен отау құрдым. Үйлі-күйлі болдық, әuletтің қара шаңырағын тутетіп отырмыз. Ұлдарымызды ұяға, қызымызды қияға қондырған жайымыз бар. Жабал ағаммен Майра женғем бір тойымызды таса қылмай, қызығымызда бірге болып жүр, қындығымызда да қасымыздан табылып, қол ұшын беруден жаңылған емес. Аға қамқорлығын, жан дүниенде елжірететін жанашырлығын сезінген сайын көңілім көктем болады. Әрдайым ақыл-кеңесін беріп, жөн сілтеп әuletке қатысты бар шаруаны басқарып бауырмалдығын танытады.

Е, шіркін зулап жатқан өмір-ай! Ағамыз қай

жағынан болсын – бауырлық парызын да, ағалық міндептің де, перзенттік қарызын да адаптацияның жүрген адам. Себебі, ағалық, бауырлық өнеге көрсете біледі. Ол кісімен сөйлесіп, сырласқан кезімде жаңым тазарып шығады. Осындағы ағамның болғанына тәубешілік жасап, Жаратқанға мың да бір алғысымды жаудырып жүремін.

2016 жылдың қаңтар айында денсаулығым сыр берді. Дәрігерлерге көрініп жүрдім. Қорытынды шешімді қолыма алған күні жүрегім зу ете түсті. Басымда ісік бар деген анықтама келді. Үйге келіп, жанымды қояр жер таба алмай, Жабал ағама телефон соқтым. Ол, жылдары ағамыз Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Астана қаласында өз жұмысын атқарып жүрген кезі еді. «Серікқали, еш қобалжыма, уайымдама, бәрі жақсы болады! Барлық қағаздарынды маған жібер, Астана қаласындағы мықты емханаға алдыртам сені!»,— деп жауап берді. Бір жұма өткен жок, Астана қаласындағы емханаға квота келді деген хабар жетті. 2016 жыл 2 ақпан күні ота жасауға дайындағы. Сегіз сағат ота жасалды. Ағам емхананың бас дәрігері мен барлық жан сақтау бөлімімен хабарласып тұрыпты. Мен, үйқыдан оянды деген жақсы хабар естіген кезде, үйіне бірақ қайтқан. Жаны жайсан, бауырмал ағам Жабал мен жеңгем Майраға алғысым шекіз! Осы естелікті жазып отыруым,

әуелі Алла, содан соң Жабал ағамның арқасы деп білемін.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әркилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздептіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар.

Өзінің өнегелі өмір сокпағында сыйластық пен адалдықтың ұлағатын ұлықтарап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстурлерді үкілеп келе жатқан Жабал ағамның жарты ғасырдан аса туыстығымыз жарасып келе жатқанын мақтан тұтамын. Сіздің мағыналы өміріңіздің, шуакты шаңырағының алтын алтын діңгегі – өмірлік қосағының Майра жеңгеммен, оның жалғасы, ертеңгі мәуелі жемісі – баяуыр етіңіз балаларының бен алтын асықтай немерелеріңіз. Бүтінгі 70 жасқа толған мерейлі мүшел тойыңызда өзіңізге денсаулық, ұзак ғұмыр, әулетіңізге баянды бақыт тілеймін!

**Ізгі ниетпен,
Серікқали -Айгүл.**

Елін сүйген аға

Жабал Ергалиұлы ағамыз биыл 30-шы қазанда 70 жасқа толады. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты ағамызды ғұмырының биік бір белестері алғып 70 жасқа жеткізді. Ол кісі осы кемелдікке тың жігер, адап жүрек, жарқын көңілмен жетіп отыр. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты етіп, бүтінде еліне сыйлы азаматтардың бірі. Жалғыз Жаңабатыр әuletінің емес жалпы Қазақстанға аты шыққан атақты азамат, мақтаныш тұтатын асыл ағамыз.

Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. «Көкшетау правдасы» газетінде кіші әдеби қызметкер, бөлім менгерушісі, редактордың орынбасары, «Көкшетау», «Арқа ажары» газеттерінің бас редакторы қызметін атқарды. Қазақстан Республикасы Президентінен бастап әлденеше Министрліктердің Құрмет грамоталарымен, медальдарымен марапатталған. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, айта берсем артық болмайды.

Жабал ағамның шығармалары әрқашан жүрекке жетеді, оқырмандардың көңілінен шығады. Сөйлемен сөздері адамды ойландырып, бір толқытып қояды, әрбір сөзі бір мағыналармен айтылады, жас ұр-

пақты адамгершілікке, адалдыққа, елін, жерін сүюге тәрбиелейді.

Уақыт – бұл біздің өміріміз. Бала кезімнен әкем Бірімжан Оқасұлы айтатын, Жабал ағаңдан үлгі ал, сондай болуға ұмтыл. Шіркін, әр әке баласына тек жақсылық ойлайды, өзі оқымаса да мені білімді болсын деп оқытты, соған бар күшін салды. Сол әкемнің сөзі, ағандай білімді бол дегені мені де жақсы жолга жетелеп келеді.

Жабал ағам әрқашан елінің қамын ойлайтын ер азamat. Келген сайын елдің амандығын, ағайын-туыстардың, шаруашылықтың қамын сұрап жатады. Ауыл үшін жолды оңдауға, электр қуатына жаңа желі өткізуге көмек жасады, қазір шамдар жарқырап жанып тұр. Елімізге мешіт салып, ауылдың үлкендеріне намаз окуға, құран, аят оқитын жер бар. Ол үлкен жетістік. Эрине, осымен тоқтамай өз ата-бабаларымызға ескерткіш орнатты. Жаңабатыр тұқымының үрпактары кімнен тарағандарын білсін деп. Сол үшін де ағамызға мың алғыс білдіремін өз жанұямының атынан. Майра жеңгемізben бірге жүз жасай берініз. Балаларыңыз, немерелерініз әрқашан аман болып, сіздерді қуанта берсін.

Елубай-Сандуғаш.

Ет жүрегі елім деп соққан

Құрметті Жабал аға! Біз сізді жан жүрегімізben жарқылдай қуана отырып құттықтаң, мерекелі мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз күйлі-куатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз арта берсін!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көнілмен, тынымсыз еңбекпен келіп отырсыз. Ел үшін, тұған ауылыңыз үшін жасаған еңбегіңіз, қадірлі, әрі баға жетпес жақсылық.

«Қарттары бар ел – қазынасы бар ел» – деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүтінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқылды. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондайы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар.

Өзініз өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен туыстықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді ұқілеп келе жатқан, ел үшін еңбек етіп, бүгінгі күні осындай дәрежеге жеткен Сіздей ага барына мақтан тұтамыз.

70 жасқа толған мерейтойыңыз қайырлы-құтты болсын. Майра женгеміз өкеуініз өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағына бөленіп, ұл-қызыныңдың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспен-шілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалыптарыңызда жүргуте тілек-теспіз. Еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абыроди биігінен көрініп елге, ағайын-туысқа, ұрпағыңызға үлгі болған абзал жан ретінде өзінізді танытып-ақ жүрсіз. Жүргегіңізге Алланың нұры құйылып, зор денсаулықпен жасай беріңіз.

Адай-Анар.

Өмірдің өрінде, көңілдің төрінде

Жан ага өміріңің өріндесің,
Қарындас көнілінің төріндесің.
Қайда деп қарындасым іздегенде,
Мен де әркез, асыл ага қасындамын!

Асыл Ағамыз бар ақыл-парасатын, білімін, бай тәжиребесін туған елінің байлығын молайтуға, көрген халқының әл-ауқатын көтеруге, ұлттымыздың

көптеген көкейтесті мәселелерін көтеріп, елдің, жердің қамын ойлаумен келеді.

Қашан болсын, елінің атын шыгарып, абыройын асқақтатып жүрген ағамыздың тұла бойыныздагы жақсыға бітер қасиетінізден, тереңнен тартар тектіліктілігінізден, қарымды қаламгерлігінізден, сұнғыла шешендігінізден, шынайы ұлтжандылығыныздан үлгі аламыз. Өзінізді әрқашанда мақтан етіп жүреміз!

Барша ағайынга сыйлы да, беделді де Ағамызды мерей тойымен шын жүрегімізден құттықтаймыз! Сізге тек қана зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңыздың қызық-куанышын тілеп, алда да үлкен абыройлы белестерден көріне беруіңізге шын жүректен тілектеспіз!

Игі тілекпен,
Уәлихан-Нұргұл.

Ардақты ӘКЕ!

Алыстан көрсөң де, бауырында жүрсөң де асқар таудай биіктігі бір төмендемеген біздің ардақты әкеміз! Сізді осы мерейлі жасқа толған торқалы тоғыныздың перзенттерінің ретінде ақ ниет, шын көңілден құттықтаймыз! Үлкен мен кішіге үлгі боларлық өнегелі өмір сүріп, бақыттың гүл бағында ұл-қыздарыныздың қызығы мен қуанышына, немере, жи-

ендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп ұрпағының-
бен бір жасап келесіз. Ағайын-тұыс ортасындағы
нәзік байланысты, жақындардың арасындағы кір
шалмаган қарым-қатынасты көздің қарашығын-
дай сақтап келесіз. Өмір жолында еңбек сүйгіштік,
қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз аза-
маттық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде елдің игілі-
гіне қызмет етіп, әлі де қолыңыздан қаламыңызды
тастамай келесіз. Кейінгі буынға, жастарға жүріп
өткен жолы үлгі болар абзал жан ретінде таныл-
дыңыз. Туған елге деген сүйіспеншілігіңіз еліміздің
іргетасы нығаюына үлкен үлес қостыңыз.

Бізді де мынау өмірде барынша адап жүріп, адап
тұруға баулыдыңыз. Бүгінгі күні санамен салмақтап
отырып, адастырмас ақ жол сілтегеніңіз үшін бауыр
еті балаларыңыз ақ алғысын айтады. Ақыл таразы-
сына салып қарасақ шынында да жан дуниенниң
адап, көкірегіннің иманды болғанына жетер байлық
жоқ екен ғой. Бізге берген еншіңіз де, қолтығымыңыз-
дан демер, өмірлік жан азығы болатын сәулелі сал-
танат, босағамыңға байланар дәulet өміршең өне-
геніз бен тәлімді тәрбиеніз. Біз сіздің осы бір адап
да ақиқат жолындағы қылдан таймас кіслігіңізді,
асқақ адамгершілігіңізді нысанана-бағыт етіп ұстана-
мыз. Бізді де жаратқан ие аскәралы биікке, қырандар
қонақтар қыратқа шығаратын болса ол ең алдымен
өзінізден алған өнегеміз деп білеміз.

Мынау жарық дүниеде көптің көнілін арбайтын бей опа байлыққа қызықпай, адап жүріп, адап тұруыңыздың өзі бізге көп нәрсені аңғартады. Иманда ұл, инабатты қыз тәрбиелей білген отбасы болса біздікіндей болсын. Ыстық ұянын шарапаты, әкенің махаббаты, ананың аяулы сезімі бәрінен қымбат!

Абзал әке! Айналаныз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, шат құлқі мен махаббатқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын. Эр сәт сізге тек бақыт пен қуаныш сыйласын. Өзінізге ұзак гүмыр, денсаулық тілейміз!

**Құрметпен балаларыңыз және келіндеріңіз
Шоқан-Гұлжан, Расул-Нұрсұлу.**

Жан шуағымен жылдытатын жан ӘКЕМ!

Бүгін – ерекше күн.

Өйткені, бүгін мен үшін өмірдегі ең қымбат, ең асыл жан әкешімнің мерейтойы. Бүгін мен әкемнің алдында тұрып, бір сәт өзімнің балалық шағыма оралғым келеді. Мен үйдің кенжесімін, бауырларымның ортасында әрбір айтқан сөзім заң болып, махаббатқа бөленіп өстім.

Аялап, балтап, мәпелеп баққан әкемнің ерке қызымын, әлдилеп, мақтап жүлдізының жаққан, анамның жарық ізімін!

Ардақты әкешім, аяулы анашым осындай толық бақыттың үшін сіздерге мың алғыс!

Сәби кезімнен әрбір сауалыма ерінбей жауап беріп, пікірімді тыңдай білген әкешім – шешімді өзіме қалдырып, өз таңдауымды жасауыма мүмкіндік беріп үнемі бағыттаң жүретін керемет жан. Ес білгелі білімге баулып, білімнің құдіретін ұқырған, өмірдегі басты ұстазым. Саналы ғұмырыныңда бізге гана емес, ел-жүртқа болмысыныңбен өмірлік ұстаз болып келесіз.

Тұған жерге, туған тілге деген құрметпен жасаған иғілікті істеріңізді халқының бағалап, еңбегіңіз еленіп бірнеше рет халық қалаулысы болып сайлағып талай жылдар мұлтіксіз қызмет жасап келесіз.

Азаматтық абыройыныңға дақ түсірмей, осындай мерейлі жасқа аман-есен жетіп отырсыз.

Анам екеуіңізге Алла қүш-куат берсін, өмірдің барлық жақсылығын, рақатын көріп, немереден шебере сүйіп мәнгі бірге жасай беріңіздер!

Күйеу балаңыз Ержан-қызының Назгүл.

Ардақы атамыз біздің!

Сүйікті де қамқор ата! Мерейтойының құтты болсын! Сізге ұзак та шуақты өмір тілейміз. Барлық арманандарының бен жоспарларының орындалсын. Жасыныңға жас қосылып, өміріңіз тек бақытты сәттерге

толы болсын. Бізге жасаған барлық жақсылығының
бен тәлімді тәрбиенің үшін көптен-көп рахмет айтамыз. Көніліңіз әрдайым көтеріңкі, деніңіз сау, ба-
сыңыз аман болуына тілектеспіз.

Сүйікті немерелеріңіз: Айана,
Ериңүр, Даниял, Диана, Дархан.

Өмірі – өнеге, тіршілігі – тәлім

Халқымыз өмірден көрген-түйгені де, келер үр-
паққа айттар ұлағатты сезі де, өнеге тұтар гибраты да
мол қадірлі қарттарды асыл қазынага балайды ғой.
Еңбегімен елге танылып, адамгершілік қасиетімен
зор құрметке бөленіп отырған ардагер ағамыз Ерга-
лиев Жабал Ергалиұлы – Ақмола облысындаған
емес, еліміздің басқа өнірлерінде де есімі құрметпен
atalатын зор мәртебелі тұлға.

Жабал ағаның ата-бабасының туган жері – қазіргі
Тайынша ауданы, Абай ауылдық округінің Қарағаш
ауылы. Ол осы елдегі Жұмжұма молланың бес
ұлынан тірі қалған жалғыз немересі. Жұмжұма мол-
ланың туган ағасы Бабаназар Жаңабатырұлы сөзге
шешен, от ауызды, орақ тілді ділмар қажы болса ке-
рек. Сондықтан да, ондай адамдарды ел ішіндегілер
аса құрметтейтін. Қазақта тегін жерге терек өспейді
деген нақыл бар, яғни, негізінде бар қасиет, түптің

түбінде бүр жаратыны сөзсіз екеніне ағамыз дәлел. XX ғасырда жасағандардың іс-әрекеті, ой-санасы да осыған ыңғайлар болғандықтан пешенелеріне бақты да, сорды да батпандап сыйлағанын тарих бетінен парақтап білдік. Таршылықты да, қындықты да, жоқшылықты да көргеніне қарамастан рухани тәрбисін ғұлагынан нәр алды. Сондықтан, өмірге деген өзгеше көзқарас, еңбеккорлық, жігер, қажыр-қайрат пен адамгершілік сынды асыл қасиеттерге ие.

Сүйікті ісін, болашақ мамандығын таңдал, таңдауынан еш жаңылыспай әкпаратқа толы майданның жауынгери, жаңалық жаршысы болып журналистиканы таңдады. Билік пен бұқара арасында қоғамдық пікір қалыптастыратын көпір – журналистика әр кезде де адамгершілікпен тығыз байланысты. Сөз мәні мен құнын түсіндіріп, санамызға тоқуға үлкен үлесін қосып жатқан бірден-бір сала десе артық айтылmas. Адамның қасиеті адалдығы болса, маманың қасиеті білігінде. Яғни, өз ісін бүте-шүтесіне дейін біліп, міндеттін абыраймен орындаудында. Бұл – ағаның басты ұстанымы. Осы қагидасына өмір бойы адал және өзінің адамгершілік қасиеттерімен, еңбеккорлығымен, біліктілігімен әріптестерінің, туган-туысқандарының арасында орынды құрметке ие.

«Дүниеге жарық беріп, сәуле шашатын екі-ақ күш бар. Оның бірі – аспандағы күн, екіншісі жер-

дегі журналист», – депті Марк Твен. Жабал ағамыз – бүкіл саналы ғұмырын баспасөзге арнаған жанкешті журналист. Журналистика дәуірінің дүрілдеп тұрған шағында қалам тербекен ол маңдай терін моншақта-та журіп, тәулікті-тәулікке жалғап еңбек етуі нағыз істің адамы екенін байқатады. Әділ сөз киесін, сөз құнарын, сөз қадірін, сөз өнерінің қупиясы мен сы-рын өмірбақи оқып үйренуге ұмтылды. Газет көрі-гінің ыстық-сұығына шындалып, абыройлы қыз-метін бүгінгі күнге дейін жалғастыруда. Зейнетке шықса да, өлкенің өткенін зерттеу өзінің азаматтық міндеті деп санап, ардақты да атақты бабаларымыздың ұмыт қалған есімдерін қайта жаңғыртып, өткен жылы ата баба қонысына Жаңабатыр атамыздан та-раған ұрпактарының аттарын тасқа қашап жазып, алып ескерткіш тақта орнатты.

Ізгілік пен ізденімпаздық – шын таланттың мұра-ты. Шындалап келгенде, кекірегі ояу адам өмір бойы өзін, өмірінің мәнін іздеумен өтеді. Айналысып жүрген жұмысы пайдалы һәм тиімді болғанымен, жанын жадыратар сүйікті ісі болмауы мүмкін. Қу-аныш сыйлайтын, көnlінің пернесін дәл басар іс мүлдем басқа. Мейлі материалдық тұрғыдан пайда әкелмесе де, рухани азық беретін, жанын коректен-діретін, мұратына жеткізетін жолды іздеумен өтеді. Бұл шығармашыл, талантты адамдарға сай құбылыс. Ірі лауазымдық қызметтер мен ақындық шабытты

«кос қанат қағысындей, кос жүйрік жарысындей» тен ұстады, қазақ драматургиясының көшіндегі ойып тұрып орын алды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде театр сахналарындағы қойылымдары бұған дәлел. Драматургия атты тарпаңға ер салу әркімнің қолынан келе бермейді. Батырлықты, ең бастысы, қоғамның ойындағысын дөп баса билетін алғырлықты қажет етеді. «Адам кіндік қаны тамған жердің табиғатына тартып туады» деген сөз бекер айтылмаса керек. Эр адамға өзінің кіндік қаны тамған, өсіп-өнген алтын ұясы, яғни, тұған жері қашанда ыстық көрінеді. Ағаның шығармаларына сұлулықты, тазалықты өзек етуі тұған жеріне, таңғажайып табиғатына тартқандығынан болар. Қаламынан шыққан әрбір туындысы көпшіліктің көңілдегісін дөп басады.

Жалғанда адам баласын абзал атына сай ететін үш қасиет бар. Олар – кісінің адамгершілігі, адаптациясы, және көркем мінезі. Осы үш қасиет те ағамыздың бойынан табылады. Төзім мен сабырды серік еткен ағам мәдениетті сөйлеуге, айтылар ойдың айқын және орынды болуына аса мән береді. Айналасына шуақ шашып, үлкенді де кішіні де сыйлай алар қасиеті бар, көңілін кір шалмаған кеңпейіл, ешкіммен есептеспейтін мәрт мінезді тұлға. Таланты да, еңбексүйгіш ісмөрлігі де бір басына жетерлік.

Егемен еліміздің өркендеуіне қосып жүрген игі істеріңіз еселене түссін. Алла алдарыңыздағы жаңа

белестерді бағындыратын биік мұрат-мақсаттың шынына жетелейтін күш-жігер, келісімді ауызбіршілік, отбасылық береке мен үкілі үміттеріндегі орындалуын сыйласын. Сіздің барлық бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар әкелсін. Елімізден қасиет кетпесін, шабытыңыздың шынына ұшқан құс жетпесін.

Руслан-Жанар, Әскер-Жадыра.

Жан аға, жақсылығың көп!

«Ошақтың үш бұтының біреуі құласа, қазандагы сүт төгіледі», деген қыргыз мақалы бар. Сол ошақтың отын сөндірмей, үш аяғын тең ұстап, туыстың бірлігін ту еткен Жан Ағам - Жабал Ерғалиұлы туралы ой жазғалы отырмын.

Аға... Осы бір сезіді естігенде кім-кімнің де жүрегіне жылышық ұллайтыны аян. Өйткені, біріміздің көз алдымызға іні-қарындасын мойнына мінгізіп, арсаландай жүтірген ақкөніл бозбала елестесе, екіншіміздің ойына інішегін көрші ауылдың бұзықтарынан қорғап, ешкімге ақысын жібермеу үшін құрестің қарапайым тәсілдерін үйретумен әлек болып жатқан жігіт елестейді. Бұл – балғын санада қалған суреттер біреу үшін есейе келе өзгергенімен, ағамның Алла тағалам пендеге несіп еткен ағалығы, баяуымалдық қасиеті мен үшін әрдайым биік тұрады. АナンЫҢ сүтімен дарыған әрбір жақсы қасиеттің

бәрін бір бойына сыйғызып тұрган ағамның ірілігін айту мен үшін үлгі, мен үшін мәртебе:

- Ең алдымен, ағамның кішіпейілдігін айтар болсам, қай қызметте болса да, көпшілікпен тез тіл та-бысып, адамның жасына да, ұлтына да, қызметіне де қарамастан үлкен-кішіге бірдей қарайтын қарапа-йымдылығы...

- Қай ортада болмасын жоққа жасымай, барға тасымай, өзін үнемі бірқалыпты ұстайтын сабыр-лылығы...

- Алла ризық еткен несібесін қашан да өзгелер-мен бөлісуге дайын тұратын жомарттығы...

- Мұқтаж жанды көрсө қамқорлығын аямай, көмектесуге барын салатын бауырмалдығы...

- Халқы үшін аянбай еңбек етіп, ұлтымыздың мәдени-тарихын, елін-жерін сүюді, дәстүрлі тәрбиені насиҳаттап, ар-намыстық корғауды арқау етіп келе жатқан ұлтжандылығы...

- Заманның ағымын, елдің қамын, саясаттың он-солын анғарып байыпты міnez танытып, бо-лашақты болжай алатын сөзі де, ісі де енгезердегі бойы мен кесек тұлғасына жарасып тұрган парасат-тылығы.

Талабы таудай болғанмен.

Ағаның сәні - інімен.

Бірлігі болсын туыстың,

Ұйыған майдай құбіден..., деп Жиренше шешен-

нің айтқанындай, аға болу жол. Жол көрсетіп, бағыт анықтау. Бұл жасқа қарамайды. Артқы дәңгелек алдынғы дәңгелектің соңынан жүреді дегендей, аға бастап берген сараптал жолмен өзінен кейінгі іні-қарындастарының да жүрері анық.

Кейде ағамның басқан адымына әрдайым таңдана қараймын да, «менің осы жасымда ағам қандай белестерді бағындырып еді, ал мен не тындыра алдым?» деген сауалды өзіме қойғанда ағамды өзіммен мүлде салыстыруға келмейтінін түсінемін. Ол кісінің отызыда орда бұзып, қырқында қамал алған мықтылығын, еңбекқорлығын, жетістіктерін мойындаимын. «Ағасы бардың жағасы бар» деген сөздің астында терен мағына мен бауырлар арасындағы шексіз маҳабbat жатыр. Қиналған кезде әркез қасымнан табылып, өзінің қамқорлығына алып жүретін мейірімі шексіз ірі тұлға. Иә, осындай мықты, алғыр ағам болғанына іштей шүкіршілік етіп, мақтанамын.

Адамның бағасын өзі емес, өзгелер қояды. Оныңabyroйын асырып асқақтататын да, атын ардақтап қадірлейтін де ел-жұрты. Ағамыздың адал, турашыл адам екенін Қекше жұрты түтел біледі. Сөзі өткір, жүзінде мейіріммен қоса талапшылдығы да бар жан әрбір жанға әкелік, ағалық, достық, аталық ақ батастын беріп отырады.

Енбекте де қажыр-қайраттың арқасында талайabyroй биігінен көрініп, қаншама жыл елі үшін

елеулі істер атқарған айтулы азamat болып отыр. Ағамның өнегелі өмірі, шығармалары, әрдайым қоғамның түйткіл мәселелері туралы айтқан қуатты сөздері, өткір сыны, ғылым, мәдениет, әдебиет саласында қарқынды еңбектері, өзі танып білген жандардың тағдыры жайлы жыр да, мақала да жазып журеді. Солардың бірі кітап, журнал-газет бетінен жарық көріп жатса, бірі мұрагатында сақталып келеді.

Ағамның өмірін әр жылдарда жеткен жетістіктері мен алған маралпattaулырының тәтті қантымен дәмделген немесе табыстарымен түздықталған құрғақ сандардың тізбегіне айналдырғым келмейді. Себебі, оның бәрін де жүрт біліп отыр. Мен бір шаңырақтың астында ғұмыр кешіп жатқан ерлі-зайыптылардың сүйіспеншілік, сыйластық сынды сұлу қасиеттерді өзара бөлісken ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы туралы да айта кеткенді жөн көріп отырмын.

Жабал ағамыздың жан жары Майра Тортайқызы жеңгем де кеңпейіл, ақжарқын мінезі, көркі мен акылдылығы, аса білімділігі көз тойдыратын, халқымыздың ұлттық дәстүр-салтын бойына сініріп, өмір сүру қалпына айналдырған ізгі жан. Ағамыздың жұмысына әрдайым түсіністікпен қарап, қолдан келеді. Әрдайым жеңгеміз ағамызды піріндей құрметтеп, ағамыз жеңгемізді сүйіспеншілікпен ардақтап, бірін-бірі түсінісуі мен үнсіз сыйласуы көпке өнеледі.

ге. Екеуі бір шаруа шықса, бәрін ақылдасып шешіп отырады. Қандай қындықты болсын жеңіп шығады, ашыны тәттіге, қараңғыны жарыққа айналдыра біледі. Елге қызмет ету мен отбасылық үйлесімділікті қатар ұштастырып келеді. Ағам түздің ғана емес, үйдің де шаруасымен айналысып, бәрін өзі реттеп жүреді. Ағайын-туыстың басын қосып, бәрін үйге шақырып, дастарқан жайып, көп қонақ келгенде жақсы көреді. Өзінің өнегелі өмір сокпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді ұқілеп келе жатқан Ардақ тұтар аbzал ағам осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірері, арқа сүйері болып отыр.

Құрметті Аға! Алланың қалауымен, Сіз мағыналы ғұмырыныздың биік бір белесі ағалық ардақты асудан асып, 70 жас ақсақалдық мерейлі кезеңге көтеріліп отырсыз. Тағдыр ұзағынан сүйіндірсін, шаңырақтарыныздан лайым шаттық, құт-береке үзбесін, мерейлерінізді дәйім үстем етсін, кеңелтсін. Бала-шағанызың, немере-жиендерініздің орғасында темірқазықтай қалпыныздан таймай, өмірдің қызығына кеңеліп жүре беріңіз! Той тойға ұлассын, Жан Аға!

Ахметов әулетінен ініңіз Тілеуғабыл.